

Егемен Қазақстан

Есім хан



Қазақ хандығының тарихында ел билеген хандар көп болса да есімдері отандық тарихта алтын әріппен жазылуға лайықтылары санаулы ғана. Тарих олардың есімдерін халқына сіңірген еңбектеріне қарай бағалап, бүгінге дейін жеткізіп отыр. Керей мен Жәнібек хандар, Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Тәуке хан секілді Есім ханның есімі де жазба дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетінің материалдары арқылы ел тарихында сақталған. Зерттеушілердің міндеті олардың ел тарихындағы алар орны мен атқарған ролін анықтап, ел жадында мәңгі қалдыру болып табылады. Осыған орай, біз бұл мақаламызда 1598-1628 жылдары қазақ тағын иеленген Есім ханның тарихи тұлғалық болмысы мен тарихи ролін қарастырмақшымыз.

Есім хан – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі – Жәнібек ханның ұрпағы. Жәнібек ханның тоғыз ұлының бірі – Жәдік сұлтан, одан Шығай хан. Ал Шығай ханның ұлдарының бірі – Есім хан.

Ортағасырлық тарихшы Қадырғали Жалайыр Шығай ханның үш әйелінен тоғыз ұлы болғанын жазса, тарихшы Т.И.Сұлтанов Шығай ханның он екі ұлы болғанын айтып, олардың есімдерін атап көрсетеді. Олар: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Тәуекел, Есім, Шахмұхаммед, Әли, Сұлұм, Ибрагим, Шахим, Кучук, Абулай және Бусайд.

Шығай хан ұлдары ішінде танымал болып, жазба деректерде кездесетіндері бірнешеу. Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, Кучук сұлтан және Абулай сұлтан секілді Шығай хан ұлдарының есімдері XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы қазақ тарихындағы әртүрлі оқиғаларда жиі болмаса да кездесіп отырады. Ал хан тағына келіп, қазақ елінің саяси тізгінін қолдарына ұстағаны екеу, олар – Тәуекел хан мен Есім хан.

Есім хан – Шығай ханның он екі ұлының бірі, Сейітқұл сұлтаннан, Ондан сұлтаннан және Тәуекел ханнан кейінгі төртінші ұлы. Анасы шағатайлық Якшым бике(Жаксы бике болуы да мүмкін). Тәуекел хан екеуі бір анадан туған. Оның толық есімі – Есмұхаммед (Ишмұхаммед), бірақ жазба дерек мәліметтері мен ауыз әдебиетіндегі материалдарда, сондай-ақ тарихи әдебиеттерде Ишим, Ашим, Есим, Есім түрінде кездеседі.

Есім ханның нақты қай жылы дүниеге келгені белгісіз, бірақ оны шамалап айтуға болады. Қадырғали Жалайыр дерегіндегі Оразмұхаммедке қатысты «Сегіз жасында атасы Шығай ханнан айырылды. ...Он үш жасында өз әкесі Ондан сұлтан шахит болды. ...Он алты жасында бүкіл христиан падишахы Борис Федоровичке қызмет істеуге дайын болды» деген мәліметтерден Есім ханның ағасы Ондан сұлтанның 1555 жылы туып, 1585 жылы қаза тапқанын білгеннен кейін, інісі Есім ханды шамамен 1560 жылдың о жағы мен бұ жағында дүниеге келген деп есептейміз.

1598 жылғы Орта Азиядағы оқиғаларды және соған байланысты Қазақ хандығының жүргізген саясатын баяндайтын деректерде Есім сұлтанның есімі алғаш рет нақты кездесе бастайды. Бұл кезде Есім сұлтан ағасы Тәуекел ханнан кейінгі ең беделді, ең атақты сұлтандардың бірі болатын. Оны жазба деректер де дәлелдейді. Есім сұлтанның осы кезеңдегі тұлғалық бейнесін ашып көрсету үшін сол жылдардағы оқиғаларға тереңірек үңіліп көрелік.

1598 жылы Орта Азияда шайбанилық II Абдулла, көп ұзамай сол жылдың жаз айларының бірінде оның ұлы, әрі мұрагері Абд ал-Мумин хан өлтіріліп, билікке үміткерлер арасында күрес басталып кетеді. II Абдулланың белгілі әмірлерінің бірі, әрі оның жақтасы, Абд ал-Муминді өлтіруге қатысқан Абд ал –Уаси би деген әмір Тәуекел ханға хабар жіберткізіп, оны қолдайтынын білдіреді де, Орта Азияны бағындыруды үгіттейді. Осыған байланысты Тәуекел хан тез арада 100 мыңдық әскер жиып, аумақты жаулауға аттанып кетеді.

Тәуекел хан аз уақыт ішінде Орта Азияның Ташкент, Ахси, Андижан, Самарқан сияқты ірі қалалары мен өңірлерін басып алады. Самарқанда 20 мыңдық әскермен інісі Есім сұлтанды қалдырады да, өзі 70-80 мың әскерді басқарып шайбанилар әулетінің астанасы Бұхараға бет алады. Тәуекел хан қаланы қоршап алады, бұхарлықтар болса қала бекінісін нығайтып, жан аямай соғысуға бел буады. Он бір күн бойы алма-кезек ұрыс болып тұрады да, он екінші күні Бұхара әскері қаладан шығып қазақтарға шабуыл жасайды. Таң атқаннан күн батқанға дейін шайқас болып, нәтижесінде қазақ әскерлері шегінуге мәжбүр болады. Мұндай хабарды естіген Есім сұлтан ашуланып ағасына мынадай сипатта хабар жібереді: «Соншама әскермен азғантай ғана Бұхара әскерінен жеңіліп, шегіну деген ұят және өте қатты ұят нәрсе, егер хан Самарқанға келсе, бұл жақта да Бұхара жақтағыдай самарқандықтардың бізге бағынбауы мүмкін. Хан шегінісін тоқтатып, кері оралсын, мен оған өз әскеріммен қосыламын». Тәуекел хан інісінің кеңесін құп алады да, қайтадан Бұхараға бет алады. Көп ұзамай оған Есім сұлтан келіп қосылады. Бұхараға да Балхтан көмекке күш келіп жетеді. Екі жақ арасындағы шайқастар қайта

жалғасып, бір айдай уақытқа созылады. Соғысушы екі жақ түпкілікті жеңіске жете алмайды. Осындай бір сәтте Тәуекел хан әскерді өзі бастап ұрысқа түседі. Қарсыластар жағынан көп әскер шығынға ұшырап, бұхарлықтардың ең беделді және танымал адамдары қаза табады. Осы шайқаста Тәуекел ханның өзі де ауыр жарақат алады. Хан жараланғаннан кейін қазақ әскерлері Ташкентке оралады. Ал көп ұзамай Тәуекел хан қайтыс болады». Міне, осы келтірілген дерек мәліметінен Есім сұлтан туралы бірнеше пікір айтуға болады. Біріншіден, ол Тәуекел ханнан кейінгі билеуші әулет ішіндегі ең көрнекті тұлғаның және әскербасылардың бірегейі болса керек. Екіншіден, көп әскермен Бұхара түбінен шегінген Тәуекел ханға айтқан сөзі және сөзін ханға тыңдата білуі оның қайсарлығын, өжеттілігін, намысшылдығын, табандылығын білдірсе керек.

Тәуекел хан қайтыс болып, Есім хан таққа отырғаннан кейінгі ең алғашқы жүзеге асырған шарасы Мауереннахрға қатысты түйінді мәселені шешіп, оны ретке келтіру болатын. Искандер Мунши ол жөнінде былай деп жазады: «Біршама уақыт өткеннен кейін нахшбентілік шейхтердің араласуымен Ташкенттегі қазақ билеушісі мен ортаазиялық билеушілер арасында бейбітшілік орнатылып, Самарқан әскерлері Ташкентке қарсы ешқандай әрекет жасамайды деген келісімге келеді». Бұл дегеніміз – Қазақ хандығының аумағына Ташкент аймағының қосылуын Мауереннахр билеушілерінің заңды түрде мойындағанын білдіреді. М.Әбусейітованың пікірінше, бұл келісімшарт Түркістанды түпкілікті түрде, Ташкентті 200 жылға және Ферғананы уақытша Қазақ хандығының құрамына қосады.

Біздің ойымызша, Есім ханның билікке келуі осындай аса маңызды шараны жүзеге асырумен басталады. Жалпы алғанда, Шығай ханның ұлдары Тәуекел ханның қайтыс болуы мен Есім ханның саяси билікті қолына алуы – қазақ елі тарихында бір дәуірдің аяқталып, келесі дәуірдің басталғандығын көрсетеді.

Ал оңтүстіктегі жағдайды жоғарыда айтып өттік.

Осылайша, XVI ғасырдың соңғы жылын қазақ халқының этникалық аумағының біріктірілу процесі аяқталған жыл деуге болады. Осыншама зор аумақты, ондағы рутайпалар арасындағы қатынастарды күшпен немесе жарлықпен ұстап тұрудың мүмкін еместігін білген Есім хан және оның жақтастары жаңа талаптарға сай жаңа әдет-ғұрып заңдарының жинағын өмірге енгізеді. Ауыз әдебиетінің материалдары арқылы бізге тек сол заңдардың атауы – «Есім ханның ескі жолы» ғана жетеді.

Есім ханның билік етуінің алғашқы кезеңінде елдің сыртқы саяси жағдайы неғұрлым қолайлы болса, ішкі саяси жағдай соғұрлым қолайсыз болады. Есім ханға қарсы бірінші боп Түркістан өңіріндегі қарақалпақ тайпалары бас көтереді. 1603 жылдың күз айында олар шайбанилық бір сұлтанды хан көтеріп бөлектене бастайды. Екі жақ арасындағы алғашқы ұрыстар сәтсіз болып, қазақ ханы Ташкент, Сайрам қалаларынан айырылады. Тек 1605 жылы ғана Есім хан қарақалпақ ханы Жалған Әбдіғалпарды өлтіріп қана барып, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтап қалады.

Қарақалпақ бүлігінен кейінгі екінші бүлікке қазақ сұлтаны – Тұрсын Мұхаммед сұлтанның бүлігін жатқызуға болады. Оның бүлігі Есім ханға өте ауыр соққы боп тиеді. Шамамен 1613-1614 жылдары Есім ханнан билікті тартып алған Тұрсын хан 13 жылдай Ташкентте хан болып отырады. Ал Есім хан болса Шығыс Түркістандағы шағатайлық хандарға кетуге мәжбүр болады.

Тұрсын ханның шыққан тегі ғылымда әлі күнге дейін анықталмаған. Бұл мәселеге арнайы көңіл бөлген Т.И.Сұлтанов оның әкесі Жолым сұлтан деп санайды. Жолым сұлтанның есімі XVI ғ. 60-жылдарындағы оқиғаларды баяндайтын деректерде Хақназар ханмен, Шығай сұлтанмен бірге айтылуына қарағанда, ол Жәнібек ханның тоғыз ұлының біреуінен тараған болса керек. Өкінішке қарай, қай ұлдың ұрпағы екендігі әлі күнге дейін белгісіз.

Т.Сұлтанов Тұрсын ханның қандай жағдайда Есім ханнан билікті тартып алғанын ешбір деректе айтылмайтындығын айта келе, ол билікті алу үшін күресте Мауереннахрдағы аштарханилық әулеттің билеушісі Имамқұл ханға (1611-1642 ж.ж.) арқа

сүйегенін жазады. 1613/14 жылы Ташкент аймағын билеп отырған Тұрсын сұлтан аштарханилық ханға арызданып, онда кейбір қазақ сұлтандары мен қырғыздардың бірігіп оның ұлысы аумағына тонаушылықтар жасап отырғанын жеткізеді. Мұндай жағдайды Иманқұл хан қалт жібермей, қазақ билеушілері арасында іріткі салу үшін және Ташкент секілді геосаяси және экономикалық маңызы зор аймақта өз адамын отырғызу үшін бірден мол әскермен Ташкентке аттанады. Т.Сұлтановтың пікірінше, осы жылдан бастап Тұрсын хан Ташкенттің және оған көршілес аймақтардың билеушісі әрі қазақтардың ханы болып есептеледі. Ол өз атынан ақша шығарып, баж салығы мен харадж салығын жинай бастайды. Мұндай жағдайда Түркістанда отырған Есім ханның қандай шара қолданатыны белгілі. Бірақ та ешбір жазба деректе осы жылдары Есім хан мен Тұрсын хан арасында шайқастардың болғандығы жөнінде ешқандай мәлімет кездеспейді. «Тұрсын ханның Есім ханмен қатынасы әртүрлі қалыптасты, ол бірде шиеленісіп әскери қақтығысқа дейін барды, кейін хандар бірін-бірі кешіріп, қайта достасты», – деп баяндайды Т.Сұлтанов.

Есім хан өмірінің бір кезеңін Шығыс Түркістан аумағында өткізген жылдар құрайды. 1613/14 жылы Тұрсынмұхаммед хан билікті иеленгеннен кейін Түркістандағы Есім ханмен арадағы қатынас шиеленісіп кетеді. Жоғарыда айтып өткен қазақтың екі ханы арасындағы текетірес кезең 4-5 жылдай уақытқа созылады да, оның ақыры Есім ханның өз жақтастарымен бірге Шығыс Түркістан жаққа кетуіне алып келеді.

Шығыс Түркістан аумағы қазақ билеушілері үшін беймәлім аймақ емес еді. 1514 жылы шағатайлық Сайд хан ол жақтағы билікті басып алып, Моғулия деп аталатын жаңа мемлекеттің негізін қалаған болатын. Ал Сайд ханның 1513 жылы Қасым ханның Ордасында келіссөздер жүргізіп, 20 күн бойы демалғаны, соған байланысты «қазақтармен татуласу» деген сол күндердегі оқиғалардан хронограмманың қалғаны белгілі. Сайд ханның ұлы, әрі мұрагері Абд ар-Рашид ханның билігі тұсында (1533-1559/60) қазақ-моғол арасындағы саяси қарым-қатынастар достық сипаттан жаулық сипатқа ауысады. Тоғым ханның 37 сұлтанмен қаза табуы осы Абд ар-Рашид ханмен соғыста болған. Абд ар-Рашид хан қайтыс болғаннан кейін оның тоғыз ұлы мен олардан тараған ұрпақтар арасында күресер өрбиді де, күресуші жақтар өздеріне одақтас ретінде қазақ хандары мен сұлтандарын шақыра бастайды. Сондай күрестің біріне кезінде Тәуекел хан араласып, Шалыш пен Тұрпанда Абд ар-Рашид ханның немересі, Хұдабанда сұлтанның билікке келуіне жәрдемдескен болатын.

XVII ғасырдың басында да бұл аумақтағы күрес Абд ар-Рашид ханның ұрпақтары арасында өрбіп, тіпті одан әрі күшейе түседі. Негізінен алғанда күрес Қашғар мен Яркенді билеген Мұхаммед сұлтанның (1592-1610 жж.) ұлы Шуджа ад-дин Ахмед хан (1610-1615 жж.), оның мұрагері, әрі ұлы Апақ хан (Абд ал-Латиф хан) (1615-1627 жж.) мен Шалыш, Тұрпан өңірінің билеушісі, Абд ар-Рашид ханның ең кенже ұлы – Абд ар-Рахим хан арасында өтеді. 1615/16 жылы Шуджа ад-дин Ахмед хан қайтыс болғаннан кейін Тұрпан билеушісі Абд ар-Рахим хан Ақсу қамалын басып алу үшін бірнеше рет жорық ұйымдастырады, бірақ ол жорықтар ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді. Өйткені оның күші аздау болатын. Сол себепті де ол өзіне одақтас іздестіре бастайды да, Есім ханды шақырады.

Есім хан Шығыс Түркістанда алты жылдай болып, ол жақтағы саяси оқиғаларға белсене араласады. Бірнеше рет Абд ар-Рахим ханмен бірлесіп, Ақсу қамалын иемденуге күш салады. Бірақ оның бұл әрекеттері оң нәтиже бере қоймайды.

1623/24 жылы Есім хан Шығыс Түркістаннан қайтып оралады. Оның кері оралуының себептері жазба деректерде айтылмайды. Біз оның бірнеше себептері болған деп топшылаймыз. Бірінші себепке Апақ хан мен Абд ар-Рахим хан арасындағы ұзаққа созылған нәтижесіз ұрыстардың салдарлары жатса керек. Ал екіншіге Тұрсын хан екеуінің арасындағы шиеленістердің бәсеңсіп, Ташкент билеушісі арнайы шақырған деген болжамды жатқызамыз. Өйткені 1624 жылдан бастап ол Тұрсын ханмен бірге болады. Қалай болғанда да осы жылдан бастап Есім хан туған жеріндегі саяси оқиғаларға араласып, жазба деректерде жиі атала бастайды. Т.Сұлтанов «Бахр ал-асрар» дерегінің

мәліметіне сүйеніп, 1624 жылы Есім ханның Тұрсын хан ұйымдастырған Әндіжан жорығына қатысқандығын айтып өтеді. Бұл жорық қазақ хандары үшін өте сәтті аяқталып, Бұхара әскерлері жеңіліске ұшырайды. Осыдан кейін Есім хан Түркістан қаласына орнығады. Түркістан қаласында оған жолығып, оны паналаған, ол туралы дерек қалдырған адам, ол – Әбілғазы баһадур хан.

1625 жылы болашақ Хиуа ханы, әрі тарихшы Әбілғазы Түркістандағы Есім ханға келеді. Бұл туралы ол өзі жазған «Түрік шежіресі» атты кітабының «Үргеніш өзбегінің бұзылғанының баяны» деген тарауда айтып өтеді. Онда ол өз еліндегі қырғыннан қашып шығып, қазақтарға келгенін баяндайды. «Түркістанда Есім хан қасында үш ай тұрдым. Ол уақытта қазақтың ханы Тұрсын хан еді, ол Ташкентте тұратын еді, Түркістанға келді. Есім хан оны көре барды, мені есік алдына қалдырып, өзі барып Тұрсын ханға көрініс қылды, қайтып келіп, менің қолымнан жетектеп алып барды. Тұрсын ханға: «Бұл – Йадгар хан ұлы Әбілғазы, еш уақытта бізге бұл жамағаттан кісі келіп қонақ болған жоқ еді, бізден барғандар көп болар, бұл Сіздің қызметіңізде болғаны жақсы», деді. Тұрсын хан: «Жақсы, сенің айтқаның болсын» деп өзімен бірге Ташкентке алып кетті. Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтірді. Есім ханға: «Сіз екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұл хан қасына кетейін», – дедім. «Жақсы айтасың, солай қыл», деді. Келіп Имамқұл ханды көрдім...»

Жоғарыда атап өткеніміздей, Есім хан мен Тұрсын хан бірде араздасып, бірде татуласып жүрген болатын. Әбілғазының қазақ арасында болған екі жылдан астам уақытының алғашқы кезеңінде екі хан арасында татулық қатынас орнап тұрған еді. Тұрсын ханның Түркістанға келуі, Есім ханның оған барып көрісуі, Әбілғазы жөнінде айтқан әңгімелері біздің осы ойымызды дәлелдейді. Одан кейін екі хан арасындағы қарым-қатынас белгісіз себептерге байланысты қайтадан бұзылып, араздық, алауыздық қайта орнайды. Бұл араздық екі хан арасындағы ұзаққа созылған күрделі әрі шиеленісті қарым-қатынастың соңғы мәресі болды. Ақыры, ол қарым-қатынас Әбілғазының жазғанындай, 1627 жылы Тұрсын ханның өлтірілуімен аяқталады.

Жазба деректерде Есім ханның Тұрсынды өлтіруі туралы мәліметтер сақталған. XVII ғасырдағы ортаазиялық тарихшы Махмуд бен Уәли ол жөнінде былай деп хабарлайды: «Сол жылы (1626/27 жыл) Есім сұлтан қалмақтарға жорық жасауға шешім қабылдайды. Ол «туы астына бүкіл алаш әскерін басқа да қоластындағы ұлыс адамдарын, Тұрсынға қарайтын қатағанның бір бөлігін жиып, Моғолстанның бір шетіне аттанады да, қалмақтарға шабуыл жасап, оларды тонауға ұшыратады. Осы кезде Тұрсын сұлтан көптен бері өзінің басты саяси қарсыласын жоюды көздеп жүрген болатын. Ол тез әскер жасақтап, Түркістанның бір жерінде орналасқан Есім ханның Ордасын талқандап, ондағы адамдарды қыруды көздейді. Оның адамдары Ордаға бас салып, көп адамдарды қырады да, Есімнің әйелдері мен балаларын, барлық қызметшілерімен Ташкентке алып кетеді. Жеңіске масаттанған Тұрсын хан Есімнің көзін біржолата жою үшін «оның жорықтан оралар жолын күзетіп, тұтқиылдан ұстамақ болады». Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ол өз әскерімен Есімге қарсы аттанады. Екі жақ Сайрам түбінде кездесіп, ұрыс басталып кетеді. Тұрсын жеңіліс тауып, Ташкентке қарай шегініп кетеді. Қалған әскерімен Тұрсын хан Ташкентке келгенде Андижан жақтан басқа бір қарсыласының әскері шығып, Ташкентке үлкен қауіп төндіріп тұр екен. Бұл жағдай Есім ханға белгілі болады. Ол қолайлы сәтті құр жібермей, Сайрамнан тез жиналып, Ташкентке қарай аттанады. Екі қазақ ханының Ташкент түбінде екінші ұрысы болады да, Тұрсын хан әскері жеңіліс табады, ал Тұрсын ханның өзі қаза табады. Оны өзіне жақын адамдарының бірі өлтіреді. Есім хан Тұрсын ханның басын кесіп алып, Бұхара ханы Имамқұл ханға жібереді. Өз кезегінде Бұхара билеушісі Есім ханға Түркістан, Ташкент және тағы басқа қалалар мен елді мекендерді басқаруға хан жарлығын шығарады. Тұрсын ханның өлтірілуі туралы орта ғасырлардағы ортаазиялық автордың мәліметі, міне осындай.

Осылайша, XVII ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығының ішкі саяси өмірінде ұзаққа созылған саяси текетірес Есім ханның жеңісімен аяқталады.

Ал енді не себепті ұзақ уақыт бойы Есім хан Тұрсын ханның озбырлығына, екі-жүзділігіне шыдап, төзіп келген деген сұраққа жауап бере кетелік. Біз оның басты себебін Есім ханның жеке басындағы қарапайым мінездері мен өте діндар болуынан деп түсіндіреміз. Ол – атасы Жәдік сұлтан, әкесі Шығай хан секілді мұсылманшылықты берік ұстағандықтан өз туысының қанын бекер шашуға бармаған, ел бірлігін ойлаған және Тұрсын ханның уәдесіне, антына сеніп отырған. Ал Ташкент билеушісінің соңғы іс-әрекеті – ешбір заңға сыймайтын, ешбір қисынға келмейтін іс-әрекет болғандықтан, ол Тұрсын ханды өлтіруге барған деп ойлаймыз.

Есім хан Тұрсын хан мәселесін шешкеннен кейін өзінің Ордасы орналасқан Түркістанға қайтып оралады. Онда ол бір жылдай өмір сүріп, келесі 1628 жылы шамамен 70 жасқа қараған шағында өз ажалынан қайтыс болады. Оның денесі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанына қойылып, қабірінің басына кішігірім мавзолей салынады.

Деректерде Есім ханның тек үш ұлының есімі ғана айтылады, қалғандары жөнінде мәліметтер жоқ. Оның ұлдары: Жәнібек сұлтан, Жәңгір хан (Жахангер) және Сырдақ сұлтан. Есім ханнан кейін тақты оның ұлдары Жәнібек, одан кейін Жәңгір хандар басқарады. Атақты Тәуке хан – Жәңгір ханның ұлы немесе Есім ханның немересі болып келеді.

Осылайша, Есім ханға қатысты жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, Есім ханның шығу тегі XIII ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы болған Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан бастау алса, XIV ғасырдың ортасында осы аумақта дербес Ақ Орда деген мемлекет құрған Орыс ханмен жалғасып, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханға дейін жетеді. Одан кейін атасы – Жәдік сұлтан, әкесі – Шығай хандармен жалғасып, нағыз текті әулеттің өкілі екендігін көреміз. Сонымен бірге аталары мұсылманшылықты берік ұстанған, атақты дін басыларының мүридi болған тұлғалар екендігіне көз жеткіземіз.

Екінші, Есім хан 1598-1628 жылдар аралығында 30 жыл бойы ел тізгінін қолына ұстап, оның бірлігі мен тұтастығы үшін күрескен. Оның билігінің алғашқы жылдары қазақ халқының этностық территориясының қалыптасуы аяқталады. Жаңа заманға сай жаңа қатынастарды реттейтін құқықтық негіз – «Есім ханның ескі жолы» атты заң жинағын өмірге енгізеді.

Үшінші, Есім ханнан бастап Қазақ елінің астанасы нақтыланып, бұрынғы Йасы қаласы – Түркістан деген жаңа атауға ие болады. Есім хан салған осы жол бойынша Түркістан қаласы қазақ мемлекетінің астанасы міндетін бірнеше ғасыр бойы атқарады.

Төртінші, Есім ханның ағасы Ондан сұлтанды есептемегенде, Есім ханнан бастап қазақтың барлық ресми хандары, сондай-ақ қарапайым халықтан шығып, өз заманында саяси, әскери, рухани, мәдени көсем бола білген тұлғалар Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанына жерленеді де, қаланың рөлі мен маңызын, қасиеті мен құдіретін одан әрі арттырады.

Берекет КӘРІБАЕВ

ҰҒА корреспондент-мүшесі,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы